

**«Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді
жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған
Парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жыл «30» наурыз

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылған тұжырымдарды толығымен қолдайды. Мақалада «Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі» деп атап айтылуы жаһандану дәуірінде өте маңызды. Осы орайда ең негізгі құндылықтардың бірі ана тіліміз екені даусыз. Бұл ретте, тілімізді дамытудың, оның қолданыс аясын кеңейтудің маңызы аса зор. Сондай-ақ, білім беру саласын жетілдіру, халқымыздың түп-тамыры бастау алатын ауылдық жерлерді өркендету, өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән беру, отбасылық құндылықтарды кеңінен дәріптеу, әдебиетіміз бен руханиятымызды жан-жақты қолдау сияқты басымдықтардың берері мол және оның бәрі Тәуелсіздігімізді нығайтуға, қоғамда дұрыс құндылықтар қалыптастыруға ықпал ететін бағыттар екені сөзсіз.

Осыған орай, Парламент Сенаты «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған Парламенттік тыңдауға қатысушылардың ақпараттары мен ұсыныстарын негізге ала отырып, мынадай **ҰСЫНЫМДАР ЖАСАЙДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1.1. Қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен тіл саясаты жөніндегі қолданыстағы бағдарламалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, соның аясында: мемлекеттік және квазимемлекеттік органдар мен мекемелерде және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді толыққанды қолдануды, мемлекеттік тілді оқытуды жетілдіруді, қазақ тілін ғылым мен технология тілі ретінде қалыптастыруға ықпал ететін сапалы оқулықтар дайындауды және тағы басқа басымдықтарды қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қолға алсын;

1.2. бюджеттік қаржыландыру көздерін анықтап «Бір ел - бір тарих» атты тарихи хронологияға және шынайы деректерге сүйенген қазақ халқының академиялық үлгідегі «Қазақстан тарихы» көп томдық кітабын шығару мәселесін қарастырсын;

1.3. шекаралық аймақтарды өркендету үшін ішкі көші-қон мәселесін реттейтін және осы аймақтарға қандастардың қоныстануын қамтамасыз ететін

арнайы бағдарлама әзірлеуді, оны Парламент қабырғасында талқылауды қарастырсын.

2. Мәдениет және спорт министрлігі:

2.1. Жаһандану дәуірінде ұлттық руханияттың қайнар көзі - төл әдебиетімізді дамыту мақсатымен қолданыстағы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына әдебиетті, оның ішінде балалар әдебиетін қолдауға арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізсін;

2.2. тарихымыздағы атаулы тарихи оқиғалар мен ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген деректі, көркем фильмдер түсіруді, театрлық қойылымдар дайындауды және кітаптар шығаруды, жас ұрпақ дүниетанымында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық аңыздар, ертегілер мен батырлар жыры, дастандар негізінде мультфильмдер әзірлеуді қарастырсын;

2.3. ел аумағында тарихи орындардың қалпын және табиғаты әсем жерлердің экологиялық ортасын сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізуді мақсат ете отырып, оларды кеңінен дәріптеуді, елімізде, оның ішінде ауылдық жерлерде этно және эко туризмді дамытуды, осы бағыттағы қызмет көрсету сапасын жақсартуды, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа туристік нысандар және өнімдер жасауды туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен әзірленіп жатқан «Ауыл - ел бесігі» ұлттық жобасында қарастырсын;

2.4. «Архив - 2025» жобасын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары аясында еліміздегі архивтердің материалдық жағдайын жақсарту мүмкіндігін қарастырсын.

3. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі:

3.1. Интернет желілерінде және еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында (әрі қарай - БАҚ) ұлттық руханиятқа жат, теріс құндылықтарды дәріптейтін ақпараттарға тұрақты түрде талдамалық шолу жасап, Ұлттық баяндама әзірлесін және оны мемлекеттік басқару институттарына жолдасын;

3.2. ақпараттық кеңістікте, оның ішінде әлеуметтік желілерде еліміздегі тіл саясатын іске асыру және т.б. мемлекеттік бағдарламаларға қатысты насихат сапасы мен көлемін арттыру, сондай-ақ, жаңа дәуірдің игіліктерін және ұлтымыздың өсу жолы мен жетістіктерін жүйелі түрде жариялау мәселесін пысықтасын;

3.3. ұлттық болмыс пен сананы қалыптастыру және рухани құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу мақсатымен балаларға арналған шетелдік жетекші телеарналардың өнімдерін мемлекеттік тілге аударуда олардың туындыларын жас ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық болмыс пен санаға сәйкестігі тұрғысынан іріктеу, сонымен бірге отандық БАҚ-та ғылыми-ағартушылық, танымдық, әдеби, мәдени шығармалар мен өнімдердің үлесін айтарлықтай арттыру және алыс-жақын шетелдерде Қазақстан БАҚ-ының таралымын ұлғайту мүмкіндігін қарастырсын.

3.4. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып, интернеттегі адам санасын улайтын зорлық-зомбылықты дәріптейтін ақпараттарға тосқауыл қоюдың озық технологиялары мен тетіктерін, сондай-ақ, кибербуллингтен қорғауға қатысты мәселелерді зерделесін және осы бағытта ұсыныстар енгізісін;

3.5. Әділет министрлігімен бірлесе отырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген отаншыл ұрпақ және өнегелі отбасын қалыптастыру мақсатымен қолданыстағы заңнамаларға отбасы және жас ұрпақ тәрбиесі институттарының жауапкершілігін күшейтетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын;

3.6. Әділет министрлігімен бірлесе отырып, отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани құндылықтарды бір жүйеге келтіру, оларды заңнамалық тұрғыда реттеу мақсатымен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізісін.

4. Білім және ғылым министрлігі:

4.1. Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеу негізінде оқу бағдарламаларын қайта жасауды және білім беру мен ғылымды басқарудың моделін заманауи талаптарға сәйкес жаңғырту, жас ұрпақ санасында ұлттық болмысты қалыптастыру, отаншыл ұрпақ тәрбиелеу мақсатымен «Білім және ғылым кодексін» әзірлеу бойынша ұсыныс енгізісін;

4.2. оқу бағдарламаларына өзгеріс енгізу барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелерін қосып, оны жаңаша жасақтау мәселесін пысықтасын;

4.3. ұрпақ тәрбиесі жөніндегі институттармен бірлесіп жасөспірімдер мен жастарға кітап оқу құндылығын насихаттау, шығармашылық қабілетін арттыру және ортада тілдесу мәдениетін көтеру мақсатымен жас буынды кітап, оның ішінде көркем әдебиет, ғылыми-танымдық, ғылыми-фантастикалық кітаптар оқуға баулу және мектепте қазақ әдебиеті пәнін және әлемдік әдебиетті оқыту аясын кеңейту бойынша ұсыныстар енгізу, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тәрбиелік мәні бар оқулықтар мен кітаптарды көптеп шығару және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастырсын;

4.4. тарих ғылымының тұжырымдамасын әзірлеп, оның негізінде «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңа оқу бағдарламаларын барлық білім беру мекемелеріне енгізуді, «Қазақстан тарихы» оқулығын шынайы деректер мен хронологияға бағыттап, ұлттық мүддеге басымдық бере отырып, қайта әзірлеуді қарастырсын;

4.5. мектепке дейінгі мекемелер мен мектептердің әлеуетін арттырып, онда білім мен тәрбие беруде жасөспірімдердің бойына ұлттық сана мен рухты, тіл мен ділді сіңіруге ықпал ететін тетіктер жайлы ұсыныстар енгізісін;

4.6. әлемнің ең озық әдістемелерін еліміздің білім беру жүйесіне бейімдеп, қазақ тілінде білім беретін мектептердің жаңа үлгідегі жобасын қарастырсын;

4.7. қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен «Мемлекеттік тіл туралы» заң жобасын дайындауды пысықтасын;

4.8. қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді насихаттаудың аясын кеңейтсін;

4.9. ұлттық білім доктринасы мен 12 жылдық білім беруге көшу тұжырымдамасын әзірлеп, білім саласындағы нормативтік актілерге тиісті өзгерістерді енгізе отырып, жалпы білім беру ұйымдарында оқытылуға тиіс «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Шет тілі», «Әлем әдебиеті», «Дүниежүзі тарихы» және «Орыс әдебиеті» оқу бағдарламаларының және оқулықтарының жаңа ұстанымын әзірлеу бойынша ұсыныстар берсін;

4.10. жоғары оқу орындарында шет тілі пәні мұғалімін даярлау бағдарламасына қазақ-ағылшын, қазақ-орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы пәндері енгізілсін;

4.11. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қолға алған «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» мегажобасына жан-жақты қолдау көрсетсін;

4.12. жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында тапсырыс беруші мемлекеттік органдар жауапкершілігін қарастыра отырып, еңбек нарығына қажетті мамандарды жоспарлы түрде дайындауды, сондай-ақ, оларға оқу бағдарламаларын кәсіптік стандарттарға сәйкес сапалы әзірлесін;

4.13. іргелі тақырыптар бойынша зерттеулерді жүйелі және сапалы жүргізу мақсатымен оларға бөлінетін гранттық қаржыландыруды пропорционалды түрде зерттеудің барлық кезеңдерін қамтып бөлу мәселесін қарастырсын;

4.14. еліміздің экономикасына қажетті мамандықтар бойынша білікті мамандарды «Болашақ» бағдарламасы арқылы дайындасын.

5. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен қазақ тілін цифрландыру мәселесін жан-жақты зерделесін.

6. Әділет министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, елімізде отбасы құндылықтарын қалыптастыру мен сақтау мақсатымен отбасын құруды мақсат еткен тұлғаларға арналған курстарды (ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген отбасылық психология, тұрмыстық іс жүргізу, отбасылық міндеттерді бөлісу, төзімділік және т.б.) енгізу қажеттігін пысықтасын.